


Әдебиет • 03 Сәуір, 2022

Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН

### Көңілдегі көрікті сөз

Таланттарды заман тудырады деген тұжырымның өмірге келгеніне де бірнеше ғасыр болды, әрине, осы сөздің түп төркіні тым арыда жатқаны шындық. Мағжанша айтқанда «Толқыннан толқын туып» қазіргі әдебиет сансыз таланттардың шығармашылығымен толықты. Олардың селдей шабыты заманның ағысына, уақыттың сынына дөп келді. Қай заман үшін таланттың қадірін талантты адамдар тана мойындаған. Сол үшін де олар бір-біrine жуық жүрді, үндес, сырлас бола білді. Біз аңыз қылыш айтып жүрген кешегі «Жоғалған ұрпақ» өкілдері, міне, осы сөзіміздің айғагы. Ал бүгін біз қазақ әдебиетіндегі таланттылардың бір-бірін бағалау, анығырақ айтқанда, аға буынның сонынан ерген буынга көз қырын салуы туралы сөйлемекпіз.



Коллаждарды жасапған Амандылі Княз, «ЕО»

Әбділда Тәжібаевтың ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы туралы жазған «Шынайы талант» атты макаласында үлкен жауапкершіліктің, әдебиеттегі ауыр жүктің белгісі байқалады. Қаламдастар ара, аға мен іні арасындағы сырластықтың, бір-біріне деген шексіз құрметтің, мойындаудың да үлгісі осы жазбада түр. «Біз Мұқағалиды сал де ұмытқан жоқпыш. Ұмыта

да алмасыз. Қайта арамызға түскен уақыт оның тұлғасын зорайта, асқақтата түсініт. Жыры жалын ақын қазақ өлеңі өлкесіндегі бір асқарға – дара Алатауға айналғандай. Шынында да, ол қазақ өлеңдерінде Қасым Аманжолов сияқты дауылдай өртке тиген өлеңімен Өмірді шайқаған күдіретті тұлға, қайталанбас кесек құбылыс. Бәрі жадымызда: Оның поэзиямызға қалай келгені. Қалай жетіліп өскені, өршігені. Амал қанша, ол барынша толысып ауылын, астанасын ғана емес, төрткүл әлем қамын ойлай бастаған шағында, сырбаз сезіміне алеуметтік қуатты ойды, терең пәлсафанды өзек етіп, жүргегінің түбіне кір жасырмай, барлық тұлғасымен толайым көрініп, зор ақындық даусымен жырлай бастаған уақтысында, поэзияның биік шырқауларын көрситетін деңгейге көтерілген кезеңінде үзіліп кетті». Тәжібаевтың таңданысы кейін бүкіл қазақтың поэзияға деген құрметі мен сеніміне, өлеңге деген шексіз махаббатына ұласып кеткендей болды. Мұқағали Макатаевтың жыр жолындағы сапарына осы бір есті макала септігін тигізгенін де оқырман жақсы біледі. «Ақынның орны өз жүрегі, таланты, қаламы көтерген биікте болса, Мұқағали Макатаевка өзі көтерілген асқар биікке лайық құрмет көрсуге, өлмес, өшпес рухани, өнерлік ескерткіштер орнатуга тиіспіз. Иә, өлең өлмейді. Ендеше, өзі жазған ақын да өлмейді. Олай болса Мұқағали Макатаев та көз жұмған жоқ. Қатарымызда. Күнбе-күн қасымызда. Эне, ол мұзбалак қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды бір өзі толтырып, жазық маңайды жарқырап, жарқылдап жыр оқып тұр». Әбділда Тәжібаев таңырқаған Мұқағали ақынның ғұмыры қыска болғанымен, өлеңінің ғұмыры шексіздікке қарай жол тартты. Ол – сансыз жүректің шамын жаққан, ұміт пен сенімнің ақыны, ұлттық поэзиямыздың жарық жүлдіздың бірі болып қала береді.

### Жана бер, Жұмекен жұлдызы

Мұқағали Макатаевпен қатар шығып, жыр көмбесіне қатар шапқан Жұмекен Нәжімеденовтің таланттын мойындау, бағалау – қазақ поэзиясының қасиетін білүмен бірдей. Оның ұшан-теңіз мұрасы әлі де толық зерттеліп болған жоқ. Бұл – енді бүтінгі күннің, тіпті болашақтың еншісіндегі шаруа. Жұмекен поэзиясы хақында жазушы Әбіш Кекілбаев былай толғайды: «Мінбедегі тәмпіш мұрын жігіт өлең оқып емес, зікір салып тұрғандай, жұрт соған жаппай елітіп, тіл мен жақтан айырылып қалғандай. Ілгергі жақта шашы

дудырап, құлағы селтиіп, үздіге тындаған Әбу ақын: «Айналайын-ай!» деп, айқайлап жіберді. Біздің қасымызда мейір қандырар иіс аңдыған жас бөлтіріктей ұзын мұрнын әуелете көтеріп, көзін ұясынан шығара адырайтып, ернін шүйіріп, еміне құлак тосқан Қадыр Мырзалиев ләм-мим деместен тізесімен тіземді түртіп-түртіп қойды. Жастардың жаңа жинағын құрастырып жүрген Мұзафар Әлімбаев мінбеден түсіп келе жатқан бейтаныс жігітті сәл бөгеп: «Қарағым, басқа да жазғандарынды қосып бізге әкеліп берші», деді. Кейін, расында да, сол жинақтың нағыз інжу-маржаны Жұмекеннің топтамасы болды». Міне, бұл Жұмекен ақынның аға буын алдындағы шынайы болмысы, өз кескіні еді. Сол шынайылықты ол өз поэзиясына алғып келді. «Алатаудың қарынан әперейін балмұздак» деген ақынға мына дүние тек өлең мен өмірдің арасы болып елестегендей. Шоқтығы биік поэмалар мен қатар үш роман жазып, жазушымыз деп жүргендердің өзін састырган Жұмекеннің жүргегі «Менің топырағым», «Менің Қазақстаным» деп жиі соқканға ұқсайды. «Оның Қазақстаны енді орнап келеді. Оның жүлдізы оның жырларын терен үккандар көбейе түскен сайын биіктей береді. Ең шырқау биіктерден артында жүзеге асқан абзал мақсаты мен адаптегін қалдырган, рухани бекзаттық пен суреткерлік қайсағалықтың үлгісіндегі ғұмыр кешкен Жұмекеннің жүлдізы жанбағанда, кімнің жүлдізы жанады?!

Жанады. Жанғанда қандай!». Қазақ әдебиетін ұшы-қыры жоқ шексіз аспан десек, сол аспанда Жұмекен Нәжімеденов атты бір шокжұлдыз бар, ол түн сайын жиі жарқырайды, мәнгі жануга қуаты бар екенін көрсетеді. Жана бер, Жұмекен жүлдізы!

### Жырларында арғымақтар кісінеген

Біз поэзия падишасы атаған ақын Фариза Онғарсынова Галым Жайлыйбайдың «Тобылғыжарған» атты кітабына былай деп алғысөз жазынты: «Өткенде ұшақ ішінде қолыма түскен газеттен «Ақ сиса» атты поэманы оқыдым. Авторы ақын Галым Жайлыйбай екен. Қазір поэма жазатындар азшылық кой, бірақ мениң айтпағым бұл емес. Айтқым келгені – мен поэманы ете сүйсіне оқыдым. Әсерлендім, ақынның қалам қуатына тәнті болдым. Ал Галымның мына «Тобылғыжарған» өлендер жинағының колжазбасын бір деммен оқып шығып, көнілім көтеріліп қалды. Галым ақынның әр өлеңі астарлы ой, тегеурінді тенеулерге толы. Мен Галым Жайлыйбай ақынның қазақ сайгұлікке

салар «каз мойын қасиетті құрама еріндей» жақұт жырлары оқырманына ой салып, көңіліне қуаныш ұлататынына сенемін» дейді ақын апамыз. Ол күткен сенім акталды, Галым Жайлыбай поэзиясы «Тобылғыжарғаннан» кейін де қазак оқырманына бірнеше таңдаулы жинақтар ұсынды. Соның бәрінен даланың ісі бұркырап, арғымақтардың дүбірі естіліп жатты. Поэзияның ұлкен жанрда оның қаламы жұрт сүйіп оқитын туындыларды жаза алды. Кешегі Ғабенниң, Ғабит Мұсіреповтің «Саңырау естітіндей, соқыр көретіндей етіп жаз» деген ұстанымы осы Галым Жайлыбай ақынның шығармашылықтағы қуатына лайық келетін сөз дер едім. Оқып көрсөніз «Қара орамал» да, «Ақ сиса» да, «Сұлубайдың әні» де ұлкен ойларды, ауыр тағдырды арқау еткен бағасы биік поэмалар. Кешегі күні Фариза Онғарсынова таланттын мойындаған Галым Жайлыбай – қазіргі әдебиеттіміздегі санаулы санлақ ақындардың бірі. Оның талантты – даланың шексіздігіндегі деп батыл айтуга хакымыз бар. Жырында арғымақтар кісінеген ақынның әр өлеңінде адам тағдыры бар. Жазғаны оқылды, бағаланды, әр жүректе жатталды. Өлеңге керегі де осы биіктік емес не?!

### Тыныштықбектің сөздегі суреті

Қаламгер Куанышбай Құрманғалиевтың Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармашылығы туралы жазған пікірі де көкейге қонымды. «Тегінде, Тыныштықбек кітабы шықпай-ақ, баспасөз беттерінде жарияланған алғашқы жырлары арқылы-ақ есімі жалпақ елге танылған ақын. Ел назарын ерекше аударатындағы бұл ақын өлеңдері несімен ерекше?! Осы жөнінде ой бөліспін керелік. Сұрак жауабын қайтарудың төте жолы да осы ғой. Алдымен ауыз толтырып айттар түйін: Тыныштықбек ақынның қазақ жырының бағына туған дара талант иесі екендігі. Оның өлеңдері арқылы қазақ поэзиясының пайым-парасаты жаңа көркемдік биікке көтеріліп отыр». Бұл жылы сөздерден кейін қазақтың кәдімгі таланттарды бағалайық дейтін ұстанымына ішің жылиды. Біліп айтып отырғаны, талантты мойындау туралы түсінігі бір жерден шығады. «Нагыз ақындық нақыш: сөзбен салынған сурет, таптырмайтын теңеу, орамды айтылған ой, селт еткізетін сезім, қионы келискең үйкас, тосын түйін – жанаша жазатындығын жазбай танытатын осындаі-осындаі шеберліктің шынайы белгілері Тыныштықбектің әр өлеңінде өріп жүр. Кітабының кез келген бетінен кездеседі, ізден әуре болмайсың. Анық

ақындыктың сыр-сипаты да осы болса керек, шамасы. Қыр асып, айдалада, қой корада сақманда жүрген бозбаланың сүйген қызымен сырттай сырласқан сәтін ақын қалай айшықтаған десеңізші!». Иә, қазак өлеңіне өзгеше жұпар иіс әкелген ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармашылығы — дара тұрған бір әлем. Оны зерттеудің өзі даралықты қажет етеді.